

Жоспар:

- 1.Кіріспе.
2. Негізгі бөлім
 - 2.1. Темперамент түсінігі
 - 2.2. Темперамент типтері
 - 2.3. Мінез адам тұлғасының қасиеті ретінде
 - 2.4. Мінез – құлық формалары мен функциялары
 - 2.5. Қабілет туралы түсінік
- 3.Қорытынды
- 4.Сұрақтар
- 5.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе:

Ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілер адамдардың дене құрылымы және физиологиялық қызметінің ерекшеліктерімен сай келетін көп түрлі әрекет–қылықтарды топтап, ретке келтіруге ат салысты. Осыған орай темпераменттің көп түрлі типологиясы қалыптасты. Мінез – даралықтың негізгі құраушы бөлігі.

«Мінез» сөзі өмірде және көркем әдебиетте кеңінен қолданылады. Басқа адамдармен қатынаса отырып әр адам өз мінезі танытады және өзгенікін бағалайды. Күнделікті өмірде қауым мінезді «жақсы», «жаман», «ауыр», «жеңіл» деп сипаттайды. Қабілет - тұлғаның қызмет түрлерін атқару тәсілдерін жетік меңгеруінен көрініс табатын, оларды игеру мүмкіндігін шарттастыратын, жемісті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктерін көрсететін дара - психологиялық ерекшелігі

Негізгі бөлім:

Темперамент түсінігі

Темперамент (латын тілінен аударғанда – сәйкестік)- әр адамның психологиялық қызметінің қозғалысын (психологиялық динамикасын), немесе мінез-құлқын сипаттайтын ерекшелік. Темперамент – организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе жоғары нерв қызметінің тума қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс.



Сангвиникалық

Холерикалық

Темперамент типтері

Флегматикалық

Меланхоликалық

Сангиванакалық. Еті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай адам ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Коллектив арасында жүргенді адаммен тез тіл қымтырылмайды, кісіге қайырымды.

Меланхоликалық. Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді.

Холирикалық. Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдылығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Күйгелектік сондай ақдамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді.

Флагматикалық. Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланyp, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланyp жауап беру.

Мінез адам тұлғасының қасиеті ретінде

Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын сыртқы дүниенің сансыз тітіркендіргіштері не өз әлінше түрліше жауап қайтарып отыратын қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды.



Мінез-құлық формалары мен функциялары

Табиғи

Мәдени байланыстылық

Әлеуметтік
интерпсихикалық

Мінез-құлық және
функциялардың даралық

Примитивті

Жоғары

Примитивті

Жоғары

Сыртқы
(экстрасивтік) функция


Ішкі
(интрансивтік) функция


Спонтанды
психикалық функция

Жоғары
психикалық функция

Адамның сансыз мінез бітістерінің кейбірін белгілі топтарға жинақтауға болады

- 1) адамның басқалармен қатынасын білдіретін мінез бітістері кіреді: коллективизм, гуманизм, қайырымдылық, үйісектік, адалдық және
- 2) оларға қарама-қарсы жекешілдік, қатігездік, тұйықтық, зымияндық т.б.
- 3) адамның өз ісіне, еңбегіне қатынасын білдіретін мінез бітістері: еңбек сүйгіштік, құнттылық, инициативалық, - салақтық, тиянақсыздық, кертартпалық, т.б. бітістер кіреді.
- 4) адамның өзіне-өзі қатынасын білдіретін мінез сипаттары да осы топтың негізгісі, оларға: кішіпейілдік, қарапайымдылық, өзін-өзі сынай алу, талап қоя білушілік, - өр көкіректік, мақтаншақтық, жасқаншақтық, т.б.т жатады.
- 5) Адамның өзін-өзі меңгере алу қабілетіне орай қалыптасқан өзгешеліктерін құрайтын мінез бітімдері: бұл топты мінездің еріктік сапалары немесе мінездің жотасы деп атайды.





Адам қабілетін аз, көп деп сан жағынан өлшеудің ғылымға қажеттілігі шамалы. Өйткені алғашқы кезде түрлі себептермен көріне алмаған қабілеттің оның есейген шағында көрінуі ғажап емес. Жас шақта сөзге олақ адамдардың есейе келе ірі ақын, жазушы болғандары; көрген нәрсесін есінде жөнді сақтай алмайтын адамдардың кейіннен суретші болып шыққандары да бар. Мәселен, ескі заманның аса көрнекті ораторы (шешені) Демосфен бала кезінде тұттықпа кекеш бола тұрса да өзін ерекше жаттықтырудың арқасында Қабілетінің кемістігін жойып, аты-шулы шешен деген атаққа ие болған

Қорытынды:

Нақтылап айтқанда, темперамент – организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе жоғары нерв қызметінің тұрақ қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс. Темперамент адамның жалпы қозғалысынан да (мәселен біреулер шапшаң қозғалады, тез қимылдайды, енді біреулер жай қимылдап, асықпай істейді), психиканың күші мен тереңдігінен де (мәселен, біреу өжет, алғыр болса, екінші біреу керісінше, сылбыр, өнегесіз болады), адамның көңіл-күйінің ерекшелектерінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз, т.б.) эмоция сезімдерінен де (біреу сабырлы, екінші біреу күйгелек т.б.) жақсы байқалып отырады.

Бала мінезін тәрбиелеу мұғалімнің жаңашылдығы мен шығармашылығын үнемі қажет ететін, бұл жолда ылғи да жалықпай, қажымай әрекет етпейінше, тиісті нәтиже шығармайтын өте жауапты жұмыс болып табылады.

Ерекше жаратылыс иесі адамдардың ақыл-ой өрісі, қабілеті мен бейімділігі, мінезі мен түр әлпеті әрқилы. Әйтеуір, бұл мәселеде бір-біріне жүз пайызға ұқсасы жоқ. Бұл өзі жаратылыстың, адам табиғатының тағы бір құпия сыры. Соған қарамастан, әркім өз ерік күшіне сәйкес өз қабілетін танып-білуге, оны дамытуға талпынады.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жарықбаев Құбығұл «психология негіздері» Алматы 2005. 343-370б.
2. Т,Тәжібаев «Жалпы психология» Алматы 1993. 223-232б
- 3.<http://kk.wikipedia.org/>
- 4.<http://bigox.kz/kablet/>

